

## Жаңақала ауылының батыс жағынан салынған ипотекалық үйлер және жаңа мектеп салынған аймаққа "Болашақ" ықшам ауданы атын беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 1 шілдедегі N 47 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 12 тамызда N 7-5-69 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және Жаңақала аудандық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 20 маусымдағы хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылының батыс жағынан салынған ипотекалық үйлер және жаңа мектеп салынған аймаққа "Болашақ" ықшам ауданы аты берілсін.
2. Осы шешім Әділет органдарынан мемлекеттік тіркеуден кейін күшіне енеді.
3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
4. Осы шешімнің орындалуын Жаңақала ауылдық округі әкімі аппарат басшысы – бас маман Т. Бигалиевке жүктелсін.

*Ауыл әкімі*